



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ**

**«Әлеуметтік жұмыс тәжірибесіне кейс-менеджмент
стандарттарын енгізу мәселелері»**

**атты on-line ғылыми-тәжірибелік конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ

On-line научной конференции

**«Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в
практику социальной работы»**

PROCEEDINGS

On-line Scientific Conference

for students and young scholars

**«Issues of implementation of standards and case
management in social work experience»**

2019 жыл 11 сәуір

Нұр-Сұлтан

УДК 364

ББК 65.272

Ә 53

«Әлеуметтік жұмыс тәжірибіесіне кейс-менеджмент стандарттарын енгізу мәселелері» On-line ғылыми-тәжірибелік конференциясы

Международная научно-практическая On-line конференция: «Проблемы внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы»

On-line scientific-practical conference on «Issues of implementation of standards and case management in social work experience». <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2019. – 7513 стр. (қазақша, орысша, ағылшынша).

В сборнике представлены доклады преподавателей, магистрантов, докторантов, молодых ученых и студентов по актуальным вопросам профессиональной подготовки обучающихся по социальной работе в аспекте проблем внедрения стандартов кейс-менеджмента в практику социальной работы.

Для преподавателей и студентов по направлению подготовки «Социальная работа», практиков социальной защиты, а также всех интересующихся современными проблемами подготовки кадров высшей школы.

Редакционная коллегия:

Отар Эльмира Сәкенқызы - доктор PhD, и.о.доцента, заведующий кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Урузбаева Гаухар Тлеубердыевна - к.пед.н., доцент, и.о.профессора кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Есимова Динара Габиболлаевна - доктор PhD, и.о.доцента кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исаханова Асель Алимахановна - доктор PhD, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Исахова Гулазия Дуйсенхановна – магистр, старший преподаватель кафедрой «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Досмурзаева Динара Онгаровна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Манжугулова Айгерим Ерлановна – магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Капин Батина -магистр, старший преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Аубакирова Аягоз Каиртайевна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

Шанбаева Гульназ Нурдыгуловна - магистр, преподаватель кафедры «Социология» ЕНУ им.Л.Н.Гумилева

«Әлеуметтік жұмыс» мамандығы бойынша ОӘБ РОӘЖ. УМО РУМС по специальности «Социальная работа» . 6В10-7М10-7R10-8D09 Здравоохранение и социальное обеспечение (Медицина). 102- Социальное обеспечение.

МАЗМҰН

1. **Умирзакова М.А., Бауыржан С.**
Өмірдің қиын жағдайына түскен отбасы балаларына әлеуметтік қызмет көрсету5
2. **Зәкіртай Ұ.Н.**
Әлеуметтік мекемелердегі қарттардың тынығу ерекшеліктері.....9
3. **Кажығалиева А.Б.**
Балаларға арналған сенім телефоны әлеуметтік жұмыстың формасы ретінде.....13
4. **Қалдышева Т.Ж., Абдрашева Б.Ж., Сәрсен А.С.**
Халықтың осал топтары арасында АИТВ инфекциясының таралуының алдын-алу бағдарламаларын жүзеге асыратын мекемелердегі әлеуметтік жұмыстың кейс-менеджменті.....19
5. **Қуатова А.С.**
Еріктілер қызметі қоғамның әлеуметтік мәселелерін шешуге бағытталған қызмет ретінде.....24
6. **Нұрғабден Б.М.**
Әлеуметтік қызметкердің лауазымдық нұсқаулығын құқықтық қатынастар негізінде жетілдіру қажеттілігі: ғылыми контекст.....30
7. **Умирзакова М.А.**
Халықтың әлеуметтік жағдайын жақсартуда отбаслық бизнесті дамыту жолдары.....35
8. **Абетова З.Т.**
Инновации в образовании: социальные ожидания, установки студенческой молодежи.....42
9. **Асет Л.Е.**
Кейс-менеджмент на уровне первичной медико санитарной помощи.....50
10. **Әбдікерова Г.О.**
Әлеуметтік жұмыстың медико-әлеуметтік аспектілері.....54
11. **Уашева А. К., Құрақ Б. Ә.**
Психикалық денсаулығында ауытқушылықтары бар адамдарды әлеуметтік-психологиялық оналту.....60

12. Асет Л.Е. Неблагополученная семья и проблемы внутрисемейных отношений.....	67
13. Әлмұрат Д.Қ. Интернеттің жастар психологиясына және өмір сүру салтына әсерін анықтау.....	80
14. Байғабылов Н.О.; Мұсабаева А.Б. Репатрианттармен әлеуметтік жұмыс жасау қажеттілігі бүгінгі күні талабы.....	86
15. Берикболова У.Д. Дисфункционалды отбасы: пайда болу себептері, ерекшеліктері, әлеуметтік қорғау шаралары.....	91
16. Жандуллаев Ж. Т., Кәмен Д. Қ. Әлеуметтік геронтология әлеуметтік жұмыстың бір бағыты ретінде.....	98
17. Жұмабек С. Қалалық көше жарнамасындағы мәселелерді және оны шешу шараларын талдау.....	102
18. Коняхина А.А. Профликатика социального сиротства: основные подходы.....	106
19. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Сатаева С.Х. Модель технологии кейс-менеджмента в работе с лицами, страдающими от ожирения.....	111
20. Урузбаева Г.Т.; Карим Ж.; Аубакирова А.К. Учебно-методические основы обучения анализу кейс студентов будущих социальных работников.....	117
21. Шингизбаева М. Н. Балама жазалардың түрлері заңнаманы ізгілендіру тәсілі ретінде... ..	122
22. Смагамбет. Б.Ж. Қамқорлық – заманауи әлеуметтанудың объектісі.....	127
23. Исахова Г.Д. Қазақстандағы ажырасудың әлеуметтік экономикалық салдары: балаларға алимент төлеу бойынша мәселелер.....	131
24. Исаханова А.А., Даулетова Д.М. Социальная реклама в современных реалиях.....	136
25. Урузбаева Г.Т., Аубакирова А.К., Аралбай А.А. Технология CASE WORK как исследование идентификации клиента.....	140
26. Аширбаева Ф.М. Қазіргі заманғы көші қон мәселелері.....	145
27. Отар Э.С. Адаптация среднего класса Казахстана к постсоциалистической действительности.....	150

сүру салты көңіл қуантарлықтай болмайды. Жастардың бойында бірінші кезекте салауатты өмір салты, жоғары зияткерлік әлеует, мейірімділік, адамгершілік қалыптасуы тиіс. Сонымен бірге, интернет желісін қажетіне қарай, шамамен пайдалана білу мәдениетін қалыптастыру да көп ойланатын дүние.[4; 25-29 б].

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Есенова Р. К., Аяпберген А. Ғаламтордың жастар психологиясына әсерінің себептерін анықтау және оны шешудің кейбір жолдары /2015. — №1.1. — С. 100-101.
2. <http://alashainasy.kz/>
3. Белинская Е., Жичкина А. Современные исследования виртуальной коммуникации: проблемы, гипотезы, результаты. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2004.
4. Смагулов Е. Ж. Медиа білім берудің педагогикалық негіздері // Молодой ученый. — 2016. — №5.2. — С. 9-10. (moluch.ru/archive/109/26699/)

РЕПАТРИАНТТАРМЕН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС ЖАСАУ ҚАЖЕТТІЛІГІ - БҮГІНГІ КҮН ТАЛАБЫ

Байғабылов Н.О.

постдокторат, Гази университеті,
әлеуметтану кафедрасы, PhD
Түркия, Анкара

Мұсабаева А.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ
Әлеуметтану кафедрасының докторанты
Қазақстан, Нұр-Сұлтан

1991 жылы тәуелсіздік алғаннан кейін Қазақстан Республикасы Президенті Н.Ә. Назарбаев шетелдегі барлық қазақтарға өздерінің тарихи

отанына оралуына үндеу жасады. Бұл үшін Үкімет Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі жанынан «Миграция бойынша Комитет» арнайы институттар құрды, оның негізгі міндеті миграцияға қатысты мемлекет саясатын жүзеге асыру, этникалық қазақтарды орналастыру. Бұл мемлекеттік мекеме 2004 жылдан бері қазақ диаспорасының иммиграциясы мен интеграциясына жауап беретін негізгі орган болып табылады (2004 жылдан бастап Ішкі істер министрлігі Миграциялық полиция комитеті болып ауыстырылды) [1].

Заманауи көші-қон үрдістер жалпы алғанда қоныс аударушылардың әлеуметтік бейімделуіне байланысты мәселелер ғалымдарының назарын аударады Е.Ю.Садовскаяның [2] еңбектерінде Қазақстандағы көші-қон, әлеуметтік жағдайлардың сипаты жағдайындағы адамдарды қоғамда бейімдеуге әсер ететін факторлар жайында М.С.Садырованың [3], А.Д. Касымовтың [4], Е.Т.Исаевтың [5] еңбектерінде баяндалған.

Әлеуметтік жұмыс міндеттерінің бірі - адамдардың өз әлеуетін жүзеге асыруын, әлеуметтік қатынастардың дисфункциясын болдырмау үшін толыққанды өмір сүруін қамтамасыз ету.

Әлеуметтік қатынастар саласындағы маман ретінде әлеуметтік қызметкер әлеуметтік басқарудың теориялық және әдіснамалық негіздерін, халықтың әртүрлі санаттарымен әлеуметтік жұмысын ұйымдастырудың ерекшеліктерін, оның тарихы, отандық дәстүрлерді және халықты әлеуметтік қорғауды ұйымдастырудағы әлемдік тәжірибені білуі қажет [6].


Астана қаласы ішкі саясат басқармасының қолдауымен «Репатрианттарды әлеуметтік бейімдеу және қолдау қызметтерінің ұйымдастыру» - атты жоба жүргізілді. Жобаның басты мақсаты - елордамыз Астана қаласына алыс және жақын шет елдерден қоныс аударған қандастарымызға құқықтық, ақпараттық, рухани, психологиялық, тілдік көмектер көрсету арқылы, олардың жаңа ортаға кіріп, қоғамдық ортаға кіріп, қоғамдық өмірге еркін араласуына мүмкіндік жасау, қоғамдық белсенділіктерін арттыру болып саналады. Жоба аясында Астана қаласы жұмыспен қамтамасыз ету және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы Астана қаласының ішкі істер департаменті, көші-қон полициясы басқармасы, АХАЖ бөлімі, «Даму» кәсіпкерлерді дамыту қоры, «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» мамандарының қатысуымен елге оралған қандастардың құқықтық әлеуметтік бейімделуін арттыруға, олардың жаңа ортаға сіңісуіне қамтамасыз етуге байланысты семинар тренингтер, оқыту сабақтарын ұйымдастырды. Астана қаласы бойынша, «Атажұрт» қоғамдық бірлестігі, «Жас өркен», «Отандастар», «Жаңа қадам», Оралған Отандастардың «Жаңа өмірі» атты қоғамдық бірлестіктер өз деңгейі мен бағытына қарай жұмыстар жасап жатыр.

Репатрианттардың отбасын реабилитациялау мақсатында – әлеуметтік қызмет көрсету мекемелері, территориялық орталықтар, психологиялық-медициналық, әлеуметтік және кризистік мекемелер бар.

Шет елдердегі этникалық қазақтарды тарихи Отанына қайтаруда арнайы бағдарлама жасалып, мемлекет көптеген міндеттерді өз деңгейінде

атқаруға талпыныс жасалды. Кей жағдайларда репатрианттар Қазақстанға келгеннен кейін, жиі-жиі кездесетін психологиялық шеттетушілікке ұшырап жатады. Осы бағытта мәселелерді анықтау мақсатында біздің зерттеуде сапалы зерттеу әдістері қолданылды. Тақырып аясында 2018 жылдың наурыз айында Астана қаласында эксперттік сұхбат жүргізілді.


Берілген сауалнаманың сұрағына – «Репатрианттардың әлеуметтік бейімделу кезіндегі өзекті мәселелер жайлы эксперттер жауап берді. Оралмандарға арналған бейімдеу орталықтары – Көкшетау, Қарағанды өңірлерінде бар, Астана, Алматы Ақтау өңірлерінде жоқ екендігі, әлеуметтік салдары жайлы және қандастардың бейімделу мүмкіндіктері жайлы сарапшылар өз ойларың ортаға салды.



Сурет 1 «Алғаш Отанға келген кезде қандай қиындықтарға душар болдыңыз?»

«Алғаш Отанға келген кезде қандай қиындықтарға душар болдыңыз?» - сауалға қатысушыларының 40%-ы - Орыс тілін түсінбеу, 25%- Жаңа ортаға бейімделе алмауы, 15% - қаржы мәселесі болса, 5% -баспана мәселесінен қиындықтарға ұшыраса, 10% -Азаматтық алумен, 5% - ы қоршаған ортаның табиғатына үйрене алмаудан қиындықтар көрген.

Қазақстан Республикасында мемлекеттік тілмен орыс тілі қатар жүргендіктен, көпшілік репатрианттарымыз орыс тілінен қиыншылық көреді. Репатрианттардың басым бөлігінің орыс тілінде сөйлеуі мен түсіну деңгейі әлде қайда төмен екені көрсетілген.



Сурет 2 Еңбек нарығында жұмысқа орналасудағы қиындықтарыңыз қандай?

«Еңбек нарығында жұмысқа орналасудағы қиындықтарыңыз қандай?» - деген сауалнамада, репатрианттардың көпшілік бөлігі 43% құжат жөндеуде қиындықтарын көрсетіп тұр. Жұмыс түрлері бойынша жұмысқа қабылданбауы -29% құраған және де құқықтық жағынан заңды білмеуіде белгіленген.

Репатрианттар, алыс жақын шетелдерде өмір сүріп жатқан қандастарымыздың арасынан саналы түрде өзінің тарихи отаны. Олар әр түрлі елдерде туып өссе де, оларда жалпы қазаққа тән ұлттық сана-сезім мен ортақ құндылықтар және арман-тілектер бар. Олар шетелдерде, жат елдің билігінде өмір сүргендіктен олар ұлттық тәуелсіздіктің қадірін өте жақсы түсінеді. Олар Қазақстанның тәуелсіздігін, мемлекеттік территорияның тұтастығын, ұлттық тіл мен дінді ең жоғары құндылық деп санайды. Сондықтан олар өз елінде қазақы болмыста өмір сүруді және ұрпақтарының мәңгі бақи қазақ болып қалуын армандап, сондай-ақ олар Атамекенін аңсап келеді. Сонымен олар отандық әлеуметтік ортаға үйлесе алмай қиналады. Бұл қалыпты психологиялық құбылыс. Репатрианттардың менталитеті олар өмір сүрген елдердің әлеуметтік саяси-экономикалық және мәдени ортасының ықпалында қалыптасқандықтан, олардың ойлау формасы мен бағамдау өлшемдерінде өзіндік айырмашылықтар сақталған. Егер репатрианттардың сондай менталитеттік ерекшеліктері мен білім алған тіл жазуын ескере отырып оларды оқытатын болсақ және оларды отандық әлеуметтік ортаға бейімдейтін болсақ, онда қоғамда өзіндік нәтижесі оңтайлы болады деп тұжырымдаймыз.

Осы бағытта әлеуметтік қызметкерлердің атқаратын ролі зор және әлеуметтік қызметкердің репатрианттарға көмек көрсететін міндеттері:

1. Репатрианттарға үшін қажетті жағдайлар жасау, көші-қондық ағымды реттеу.

2. Репатрианттарды аудандық және қалалық бюджеттен, жаңа тұрғын үй салуға арналған қаражат есебінен, репатрианттарды өз қаражаты есебінен уақытша және тұрақты тұрғын үй алаңымен қамтамасыз ету.

3. Шаруашылық жүргізу үрдісінде репатрианттарды белсенділігін арттыру.

4. Репатрианттарды жұмыс орындарымен қамтамасыз ету, олардың қайта даярлануын, қайта оңалуын жүзеге асыру, жеке істерін ұйымдастыру бойынша жағдай жасау.

5. Тұрғындардың барынша мұқтаж тобы ретінде барлық репатрианттардың тіркелуіне қол жеткізу, оларды әлеуметтік қорғау органдарына есепке тұрғызу.

6. Басқа елден келгендіктен, сол елге тән инфекциялық аурулардың тізіміне байланысты қоныс аударушыларды орналастыру мен мекендеу жағдайларының ұзақ санитарлы-эпидемиологиялық бақылауды ұйымдастыру.

7. Инвестициялар тарту, репатрианттарға көмек көрсетуге бөлінген бюджеттік қаражатты рационалды пайдалану механизмдерін құру.

8. Орыс тілін оқыту бойынша арнайы мәдени бағдарлама құру, әсіресе балалар мен жастарды үйрету үшін [7].

Репатрианттармен әлеуметтік жұмыс істеу функцияларына мыналар жатады: өтемақы, бейімделу, интеграция, толықтырылмалы, оңалту, дамыту және құқық қорғаушы қызметтерге кепілдік беретін субъектілерге мемлекеттік қызметтерді, коммуналдық қызметтерді, қоғамдық бірлестіктердің (ұйымдардың, қорлардың, қоғамдық өзін-өзі басқару органдарының) функцияларын, жеке әлеуметтік қызметкерлердің функцияларын ажыратуға болады.

Репатрианттарды ортаға бейімдеу үрдісінде әлі күнге дейін мемлекет тарапынан нақты шаралар жасалмай отыр. Репатрианттардың 96% арнайы мамандандырылған бейімдеу орталықтарында болмай, қабылдаушы қоғамды бейімделу барысында қиыншылықтарға тап болды.

Бүгін де атамекеніне оралған репатрианттардың жұмыспен қамтамасыз ету мен құқықтық сауаттарын ашу шешімін таппай тұр.

Репатрианттарға жеке әлеуметтік топ ретінде қарастырып, оларды ортаға бейімдеу, психологиялық көмек қолын созу, тілдік нормаларды насихаттау сияқты жұмыстарды жоспарлы және нақты жүргізу қажет.

Әлеуметтік қорғау органдарының жүйесі әлі күнге дейін репатрианттармен жұмыс істейтін мамандандырылған мекемелердің жүйесін дамытқан жоқ. Бұл қоғам сұранысы.

Әлеуметтік жұмыс технологиясын жетілдіру қажет, бұл нәтижесінде белгілі-бір әлеуметтік мақсатқа жететін және әсер ету объектісі пайда болатын іс-әрекет алгоритмі.

- Дайындық кезеңі
- Мақсатты жобалау

- Ақпаратты жинау мен талдау
- Іс-әрекет бағдарламасын дайындау
- Бағдарламаны жүзеге асырудағы тәжірибелік іс-әрекеттер.

Нақтыланған міндеттерді шешуде бұл іс-әрекет циклді түрде қайталанатын. Астана қаласы жалпы Қазақстандағы қандастарды қабылдау аймақтары жағдайында, репатрианттарды бейімдеу орталықтарының жұмысын жандандыру керек.

Әлеуметтік жұмысқа арналған мекемелер мен ұйымдардың қарқынды дамуы бүгінгі күні Қазақстанда әлеуметтік қызметкер мен әлеуметтік педагогтың яғни әлеуметтік-гуманитарлық бейімді мамандардың жетіспеушілігіне байқатты.

Репатрианттарға көрсетілетін арнайы бейімдеу орталықтарының ашылып, ол жерде арнайы мамандардың жұмыс істеуі қажеттілік.

Репатрианттармен тікелей әлеуметтік жұмыс жасайтын, тілдік кедергі мен құжаттар рәсімдеп, реттеп, қадағалап отыратын,, заң нормативтеріне көмек көрсетуде қоғамдық ұйымдар қажет.

Қорыта келе репатрианттардың негізгі мәселелер рет-ретімен шешуді қажет етеді. Репатриант мәселесі мемлекеттің, қазақ ұлтының мәселесі, сондықтан жүйелі түрде әлеуметтік сұраныстарын қадағалап, оны қанағаттандыру бүгінгі күн талабы.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. <http://www.enbek.gov.kz/kk> //Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі
2. Садовская Е.Ю. Миграция в Казахстане XXI века: основные тенденции и перспективы. –Алматы, 2001. -167с.
3. Садырова М.С. Социально-профессиональная мобильность интеллигенции Казахстана. Алматы 1999. – 160 с
4. Касымов А.Д. Социальная интеграция репатриантов как философская проблема: автореферат канд. социол. наук. – Алматы: Институт философии и политологии Комитета МОН РК, 2009, - 24 с.
5. Исаев Е.Т. Тәуелсіз Қазақстан және қазақ диаспорасы // Қазақ диаспорасы: бүгінгі мен ертеңі. –Астана, 2005ж
6. Технологии социальной работы -: Е.И. Холостовой. - М.: ИНФРА-М, 2001. - 184 с.
7. Жуков В.И. Теория социальной работы. М.: Издательство РГСУ, 2011. – 6с.

ДИСФУНКЦИОНАЛДЫ ОТБАСЫ: ПАЙДА БОЛУ СЕБЕПТЕРІ, ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ, ӘЛЕУМЕТТІК ҚОРҒАУ ШАРАЛАРЫ

Берикболова У.Д.